



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

объективті қажеттілігінің сәйкестігі, дайындықтың сапасы мен тиімділігінің маңыздылығы білім жүйесіне тікелей әрекет жасайды. Қоғамдағы режимге байланысты білім беру жүйесінің мазмұны мен оған сәйкес келетін құрылымдары қалыптасады. Білім берудің барлық жүйесіне тұлға әсер етеді. Білім жүйесі азаматтарды қалыптастыра отырып, қоғамдық өмірге ықпал етеді. Білім мәдени-тәрбиелік қызмет арқылы қоғамның рухани өміріне де әсер етеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесі және жалпы білім беру мектебі болашақта кез келген кәсіби дайындықтың талабы болып табылатын тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастырады. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылымының өндіруші факторы ретінде көрінеді.

Қазақстандағы білім беру жүйесі қазір өзінің элементтері мен буындарына қатысты негізгі өзгерістерді бастан кешіруде. Мемлекеттік оқу орындарымен бірге баламалы, жеке меншік оқу орындары пайда болды. Білімнің нұсқалық формаларын таңдау мүмкіндігі кеңейде. Дәстүрлі бұқаралық мектеппен бірге бір бағыт ұстанған сыныптар мен пәндерді тереңдетіп оқытатын лицейлер, гимназиялар, колледждер, мектептер пайда болып келеді. Тегін білім беру жүйесімен қатар барлық буындарда бала-бақшадан университетке дейін ақылы білім беру өмір сүріп келеді.

Қазіргі жағдайда Қазақстанда білім беру жүйесінің алдында мазмұнды және құрылымдық-ұйымдастырушылық сипаттағы міндеттерді шешу мәселесі тұр. Мазмұндық өзқарас бойынша құндылықтәжіригелілікті қалыптастыру, өзіне жалпы адамзат мұратының үздік үлгілерін және ұлттық тарихи-мәдени мұрасына ие принциптерді жанастыратын білім жүйесіндегі гуманитарлық білімнің базалық негіздерін дамыту мен орнына келтіру қажет.

Ұйымдастырушылық мәселелер қатарына мемлекеттік білім беру мекемелерін және ақысыз білімберу декеңете қалып бара жатқан мемлекеттіке месақылы білім беру мекемелері мен үйлестіру мәселесі жатады. Қазақстан Республикасы Конституциясы мен кепілдік берілген мұндай білімнің маңызды әлеуметтік мәні айқын. Оқытушылар құрамын байқау негізін де жақсартуға, оқытудың жоғары деңгейіне үміткер болуына, мұндай білім беруде маманданудың пайда болып жатқан жаңа талаптарына икемді түрде өзқатынасын білдіруіне мүмкіндік береді. Білімнің ақылы жүйесінің даму барысына қарай оның шынайы элиталық сипаты көрінеді.

Білім беру мекемелерінз ерттеу пән іресми және бейрес миқұрылым, балалар мен жеткіншектер ұйымдарының ерекшеліктері, әлеуметтік-психологиялық аспектідегі оқытушының мамандығының әлеуметтік мәртебесі, оқу ұжымындағы өзін-өзі басқару мен басқарудың өзіне тәнерекшелігі болып табылады.

Қоғам үшін гуманитарлық білім берудіңмәні үлкен орын алады, оның негізгі міндеті - білімнің әр түрлі қызметтерін оңтайландыру, әр түрлі салада, мысалы, өндірісте, ғылымда, мәдениетте, басқаруда оның тиімділігін арттыру көзделеді. Сондай-ақ, жалпы қоғам дамуында оның адам факторын белсендірудегі рөлі айқын әрі зор екенін білеміз.

Қолданылған әдебиет

- 1.Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050»Мәңгілік ел,2014 ж.
 - 2.Әл-Фараби. Ғылымдардың шығуы туралы Алматы, 1995
 - 3.К.Құдайбергенова. Тұлға дамуындағы сапалық критерий.// Алматы, 2008. 30-бет
 - 4.Б.А. Тұрғынбаева. Шығармашылық біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
- УДК 21.61.41

УДК 02.41.11

ОРТА ҒАСЫРДА ХРИСТИАНДЫҚ БАТЫСТА ИСЛАМ БЕЙНЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Абдукаликов Нурсултан

rknando@mail.ru

Қазақстан, Астана қ., Л.Н.Гумилев ЕҰУ-нің 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д. профессор Ю. В. Шаповал

Христиандық туралы негізгі ұғымдар мен оның ізбасарларымен қарым- қатынас үлгісі (ахл ал- китаб) «Қасиетті кітабы» ретінде берілген Құранда, хадиспен мұсылмандарға берілген.

Исламның алғашқы ғасырында (ахл аз-зимма) «жебеушілік» санатына кіретін христиандық қауымның құқықтық мәртебесі қалыптасты, яғни мұсылман дінін қабылдаған өз діннен кеткендерге жауап ретінде салық төлеміне жылулық танытып, мұсылман мемлекетінің қорғауында болады.

Зерттеуші Журавский А. В., христиандар үшін исламның келуі теологиялық, діни- тарихи шақыру болғандығын әділетті түрде атап кетті. [1, 7 б.]. Бір жағынан ислам, үшбірлік пен құдайлықты іске асыруды қарама-қарсы қойып, авраамдық монотеизммен байланысын орнатты.

Бұл ислам мен христиан туралы христиандардың сұрақ қоюына әкелетін, құдайдың тарихи жоспары туралы христиандардың орта ғасырдағы көрінісінің реттілігін, қалыптасқан әлемнің бейнесін бұзды.

Басқа қырынан «өзге» мәдениет немесе «өзге дін» туралы ұғымның қалыптасуы маңызды аспект және өзін – өзі сәйкестендіру мен өзіндік сана-сезіміне келетін «дұрыс» әлемнің шегін білдіретін «өзге» бейнені қалыптастыратын мәдениет пен діннің өзін – өзі ұқсастандыру әдісі пен маңызды аспектісі болып табылады.

«Өзге» жайындағы көріністің генезисі, былық ретінде орайластырылған «таза емес», «дұрыс емес» ретінде бөтен, жат адамдар мен топтың әлеміне қарама- қарсы қою «таза» және «дұрыс» космос әлемі шегіндегі архаикалық мәдениетке тіреледі. Қайтадан «өзгенің» дінінсіз «өз дінінің шегі» мен даралығын табу, жасау мүмкін еместігін айта кету керек. Осыған орай христиандар үшін иудаизммен содан соң исламмен танысу өзін сәйкестендіру және сана-сезім аспектілері тұрғысында қажетті еді. Сонымен қатар, христиандармен кездесуде мұсылмандардың сәйкестенуі күшейе түсті. Шығыстың православиелік христиандары бірінші болып исламмен қақтығысты, бұған сәйкес исламды алғаш рет сынға алған да солар еді. Иоанна Дамаскин, кейін мұсылмандар тарапынан жаулап алынған, Дамаскидегі мемлекеттік қызметте жұмыс істеген, өз тәжірибесінен исламды таныған, көрнекті православиелік дін маманы еді.

Өзінің исламға деген сыни көзқарасын ол «Білім көзі» кітабының «Дінбұзарлық туралы» бөлімінде көрсетті.

Бірақ, бұл мақалада біз католик салтымен батыс христиандығында ислам бейнесінің қалыптасуына тоқталамыз. Ең әуелі христиандық батыста ислам бейнесінің қалыптасуында тарихи және әлеуметтік контексті көрсетуіміз қажет. Біріншіден, Испанияны жаулап алуда байқалған мұсылман жағының әскери қаупі; Екіншіден, осы жағдай орта ғасырда қоғамдағы мұсылманның жағдайы, экономикалық және әлеуметтік жоғарғы тұрмыс деңгейіне жетті, сол кезде олардың мәдениеті батыстан асып түсті, бұл қатар ретінде түсінбестік болып қабылданды. Тиісінше эсхатологиялық ерекшеліктермен болымсыз, бұрмаланған ислам бейнесі қалыптастырылды. Ол уақыттағы испан еңбектерінің бірі шамамен IX ғасырдың басында жазылған толығымен ойдан шығарылған және қисынсыз бұрмалауға толы «Мухаммедтің тарихы» пайғамбардың анонимдік өмірбаяны еді.

Әсіресе, онда Мұхаммед ертеректе жетім қалған, «варварлық заңмен» жесірге үйленген, жиһанкездік кезінде ол христиандық өсиеттер мен уағыздарын тыңдап, оларды қайта өңдеп, өзін пайғамбар ретінде көрсеткен деп көрсетілді. Оған Сириядағы грек әскерінің талқандалып, Дамаск жаулап алынған соғысты бастап, идолдардан бас тарқан тараптарларды табуына жолы түсті.

Христиан авторы Мухаммад, пайғамбардың анонимдік биографиясын жалған пайғамбар ретінде таныстырады.

Сондықтан орта ғасырда теоцентрлік көзқарас үстемдік құрды, Інжілдегі болған жағдайларға себеп іздеді.

Әсіресе, христиан дінінің ізбасары, испан Паоло Альваро мен католик епископы Евголий Даниилдің кітабының жетінші бөлімінде жазылған, ақырзаманның болуы туралы қорқынышты болжалмен келешек туралы Інжілдің сәуегейлігіне назар аударды. Төрт дінсіз патшалық туралы Даниел пайғамбарлығы патшалықты мұра етіп, үш билеушіні ойсыратады. Олар готтар, франк, гректерді жаулап алған Мұхаммедті патша деп есептеді.

Олар IX ғасырдың 60- жылдарында болатын ақырзаманды алдын ала болжаған еді. Библия эсхатологиясы арқылы ислам бейнесі крест жорығы кезеңінде жасалды және орны болды. Рим папасы Урбан II крест жорығын қасиетті соғыс деп атап, оған қатысқандарға жаратушы тарапынан сый уәде етілгендігін 1095 жылы қарашаның жиырма жетінші жұлдызында Ле-Пьюдегі (Франция) уағызында айтқан. Зерттеуші Р. Армур: «Папаның жорыққа шақыруы, бұл Жаратқанды тыңдау мен өзін- өзі басқару ретінде «ұлы күрес» пен салыстырғанда шайқас пен қырғын соғыстан тұратын мұсылманның екінші немесе «кіші» жихадын еске түсіреді» деп есептеді [2, 115 б.]. Крест жорығының қатысушылары арасында түсіндіру кеңінен жайылған еді. VII ғасырда жазылған бұл еңбекте арабтардың жорығында ақырзаман мен одан кейін «әділ соттың» болатынын, яғни әрбір жасаған жұмыстары үшін жауапқа тартылатынын атап өтеді.

Жалпы алғанда исламның бейнесі Орта ғасырда батыста толығымен бұрмаланған болып қалыптасты және исламды айыптау мен сынға толы еді. Ислам сынының стратегиясында төмендегі ерекшеліктер бар еді. Ол ешқандай таңғажайып жаратпаса да, жасамаса да еш нәрсені болжамаса да, әділ өмір салтын ұстанса да Мұхаммед пайғамбардың пайғамбар екендігіне және оның пайғамбарлық миссиясына шүбә келтіру еді.

Христиан ойшылдары Зейнабтың онымен некесін, сонымен қатар исламдағы неке бұзу ұйғарымы мен көп әйел алу мәселелерін мінеді. Мысалы, «Ролан туралы өлең» (Песня о Роланде) орта ғасырдағы атышулы өлеңінде мұсылмандар пұтқа табынушы ретінде көрсетілген.

Ғалым А. В. Журавсийдің жазғанындай орта ғасырдағы христиандық пікірталас тудыратын әбедиеттер, исламға байланысты бір текті еместұғын.

Исламмен қатар оны дінбұзар ретінде айыптауды ислам білімін сипаттаған еңбектерде кездестіруге болады. Мысалы, мұндай авторларға Петр Альфонси мен ислам білімін көрсеткен екі әңгімеші, исламға арналып жазылған «Сарацин заңының» бесінші бөлімінде иудаизмге қарсы пікірталас тудыратын шығарма болып есептелетін оның «Диалогтар» жұмысы кіреді. Әңгімелесушілердің бірі Мойсей исламның пайдасына дәлелдер келтіреді. Ол ислам діні өте қарапайым және түсінікті, адамның ақыл – парасатына негізделген және адамға мейірімандықпен қарайды.

Осыған қоса мұсылманның жөн-жорасын, құрандық эсхатологияны, неке және ажырасу құралдарын нақты суреттеп береді. Дегенмен исламды қабылдау болымсыз еді. Зерттеуші Н. Даниэль, ислам мен батыс христиандығына байланысты кезеңді сипаттай отырып, «Тараптардың діндеріндегі жалпылық емес, оның ұқсаматушылығына адамдардың назары аударылғандығын көрсеткендігін» білдірді [3, 125 б.]. Бұған исламның негізгі бұрмаланған бейнесі әдетте қисынсыз, ойдан шығарылған қиялдың тууына себепкер болатын білмеушілік пен ұғынбаушылықты қосуға болады.

Сонымен қатар крест жорықтары исламды зерттеу үшін христиандардың қызығушылығының оянуына себеп болды. Осыған қоса реконкисттерден кейін христиан өлкелері Испанияға қайтарылған соң тек қана христиандар ғана емес, сонымен қатар мұсылмандар да исламға кіруге үміттенді.

Бұл жерде Петр Достопеченныйдың (1095-1156) Ключний монастырының аббаты болған және зерттеушілер оны ортағасырдағы христиандық исламтанудың негізін қалаушы деп есептейді. Ол, яғни мұсылман христиандыққа күшпен емес сеніммен кіру керек деп ойлады.

Петр Достопечтенный 1142 жылы Испанияда болып, Толедода болып айналасына аудармашылар тобын жинады. Оның ішінде Петр Толедский (араб тілінің аудармашысы), Пуатьеден Петр, Роберт Кетонский, Ретман Далматец пен Мухаммед болды. Роберт Кетонский алғаш рет Құран – Кәрімді латын тіліне аударды. Хадистер аударылған еді, бірақ аудармашы пайғамбарлар туралы мұсылман аңызындағы «иснад» ты қалдырып кетті. Ең соңғы аудармалардың бірі «Сарациннен хат» (Письмо от сарацина) пен «Христианнан жауап» (Ответ христианина) деген екі бөлімнен тұратын «Апология ал – Кинди» еді. Ал – Кинди исламнан қайтқан христиан болған, бірақ, мысалы Р. Артур оны ең дұрысы ол Сирияның шығыс христианы деп жазады. Материал христиан ал – Кинди мен мұсылман ал – Хашими арасындағы диалог ретінде баяндалған.

Исламды қабылдаған мұсылман ең алдымен төрт әйел ала алатынын, ажыраса алатынын және мұсылман басқарушының айналасында бола алатынын айтады. Осы дәлелдерде исламға деген христиан сынының шегі байқалады. Аль – Киндидің исламға қарсылық білдіруі, Исаға (Иусусқа) деген мұсылманның көзқарасы мен ең болмаса Троиц туралы догматқа қарсы мұсылмандық дәлелдемелерді білуі байқалған мәтіннен көрінеді. Жалпы айтқанда бұл еңбекте мұсылманға қарсы христиандық дәйектер қайталанып отырады. Петр Достопечтенный алдын келтірілген барлық дәлелдерді жинақтай отырып, исламға қарсы өз апологиясын жазды.

Оның исламға деген негативті көзқарасын, яғни тек қана христиан діні – нағыз шын дін, ал басқа діндердің бәрі ислам дінімен қоса өтірік дін деген әуел бастан осыған негіз болатын пайымдарға сүйене отырып, ескертті.

Сонда да христиан – мұсылманның қарым – қатынасы тарихында айтарлықтай батыл әрекет болды.

Ислам жайлы шамамен бес ғасыр бойынша еуропалықтар үшін негізгі дерек болған исламға қарсы апология мен бес араб аудармаларының нәтижесінде Петр Достопечтенныйдың «Толедский сборник» құрастырылды.

1543 жылы «Толедский сборник» Теодор Библиандер (Аль – Киндинің еңбегінсіз) жарияланып, М. Лютер мен Ф. Меланхтонның алғашқы мақалаларымен толықтырылды. Р. Кетонскийдің Құран кәрім аудармасы аяқталмады, онда сүрелердің орны ауыстырылды, ол аудармасында дыбыс ерекшелігінің араласуына негіз болған түпнұсқадан тәуелсіз сын есімнің таңдаулы шырайын қолданды.

Бұл аударма қайта айтылғандай болды, бірақ бұл аударма арқылы еуропалықтар алғаш рет Құранды қолына алып танысуына мүмкіндік алды.

XVII ғасырдың ортасына дейін бұл аударма өте беделді, сенімді аударма болып саналды. Марк Толедский (XIII ғ. соңы) мен Сеговийден Иоанның (XV ғ. ортасы) аудармалары кеңінен таралмады. А. Арривабаненің (1547 ж) құранның итальян тіліндегі ең алғашқы аудармасы бұрын аударылған голланд және неміс тілдеріндегі аудармалар сияқты Роберт Кетонскийдің латын тіліндегі мәтіндері негізінде жасалған еді.

1649 жылы Францияның Александриядағы консулы Дю Рие алғаш рет құранды француз тіліне аударды, бірақ ол жоғарыдағы аудармаға сүйенді.

Р. Армур өз зерттеуінде Петр Достопечтенныйдың «Книги протии секты и ереси сарацинов» тан сілтеме жасайды:

«Ақылға қонбайтын сияқты көрінеді, бірақ дегенмен де сіздерден жырақта, басқа мемлекетте және өзге тілде сөйлейтін, сіздердің өмір сүру салтыңызбен, әдет- ғұрпыңыздан бейхабар болған мен, алыстағы батыс өлкелерінде шығыс пен оңтүстікте тұратын адамдарға арнап жазудамын, және өз кітабымда еш уақытта көрмеген, шындығына келгенде еш уақытта көрмейтін нәрсеге ауыз салудамын» [Сілтеме 2, 142 б].

Біздің көзқарасымыз бойынша Петр Достопечтенныйдың бұл сөздері мұсылман әлемі мен ислам туралы дәлелсіз мәліметтерін негізге алған, бұрмаланған ислам бейнесінің құрастырылған тәсілі, жолы туралы айқын дәлелмен айтылады. Бұл жерде орта ғасыр кезеңінде бөгде болған исламның христиандық әлем бейнесінде берілген белгілі ментальды қабылдаудан шығады.

Қорытындыда зерттеуші Н. Даниэльдің айтқанындай ислам, исламның негізінде қандай екендігін емес, христиан үшін басқаша таратушы бейнеге айналды.

Э. Сайд «Ориентализм. Западные концепции Востока» кітабында исламның ұқсас репрезентациясы барлық ориентализм үшін яғни, исламды батыстың зерделеуінің нәтижесінде қолданғандығы байқалады.

Осы ділді қалыптастыру XX ғасырдың келелі мәселесіне айналды. II Ватикан жиылысынан кейін «дінбұзарлыққа бой ұру» немесе «пұтқа табынушылық» немесе христиан әлеміндегі қауіпті басқа бейне емес, бейбіт жолмен өмір сүретін, бейбіт өзара әрекет жасайтын басқа бейне ретінде католиктіктің исламға қатынасы өзгерген еді.

Қолданылған әдебиет

1. Журавский А.В. Христианство и ислам. Социокультурные проблемы диалога. – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990, 128 б..
2. Армур Р. Ислам и христианство: непростая история. – М.: ББИ, 2004, 336 б.
3. Daniel N. Islam and the West. The Making of an Image- Oxford: Oneworld, 2009, 467 р.
4. Саид Э. Ориентализм. Западные концепции Востока. – СПб.: Русский мир, 2006, 637 б.

УДК 130.3 (=943.9)

НАМЫС - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМЫ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ «ҒАЛЫМ НАМЫСЫ»

Аринов Е.К.

erlan.arinov@mail.ru

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Философия және мәдениет теориясы кафедрасының оқытушысы,
Қарағанды, Қазақстан

Әр халық өмір сүру тарихында сан қилы кезеңдерден өтеді. Қазақ халқы этнос болып қалыптасу тарихынан бастап осы уақытқа дейін бірлігі жарасқан, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» мамыражай заманды да, ұлт ретінде жойылу қаупі төнген «қилы замандарды» да басынан өткізді. Бұған тарих куә. Жау қолынан қаза болып жатса да, батыр ұлдары сатқындықтың, жауыздықтың құрбаны болып жатса да, ашаршылықтан жартысына жуығы қырылып жатса да, тірі қалғандары тоз-тоз болып, бірі шекара асып жан сауғалап, бірі өз жерінде тағдырдың талқысында иленіп жатса да қазақ ұлттық болмысын, ұлттық тәуелсіздігін сақтап қалуға деген ұмтылысын еш уақытта жоймаған. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ жерінде өмір сүрген біздің арғы ата-бабаларымыз саналатын хұндар, сақтар, үйсіндер, қаңлылар т.б., одан берідегі көк түркілер елдігін, бірлігін сақтауды мұрат қылған. Қазақ халық болып тарих сахнасына шыққаннан бергі кезде де осы мұрат өзгерместен халықтың бойынан көрініс тапты. Асан Сәбитұлының болашақта халықтың басына орнайтын «Қилы заманды» болжап, халықтың болашағына қам жеп «Қайғы» атануы, «Жер Ұйық» идеясын елдік сана деңгейіне көтеруі, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді... Бұқар жыраулардың «Ел» мен «Жер» үшін қам жеуі, қазақ саяси тәуелсіздігінен айрыла бастаған тұстағы «Зар заман» ойшылдарының зары, қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш Ордашылардың елдік мүдде жолындағы арпалысы, М. Әуезов, Е. Бекмаханов, Қ. Сәтпаев сынды тағдыры тауқыметке толы қазақ ұлдарының тәуелсіздікке деген аңсары, қазақ халқы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңдегі қазақтың тілін, дінін, ұлттық болмысын жаңғыртудағы мемлекеттік тұрғыда жасалынып жатқан харекеттер, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясындағы «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ